



БҰЙРЫҚ

23.05.2017г. № 256

Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

город Костанай

**Банкроттық басқарушыны
шеттету туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10-тармағына және 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес, 2017 жылғы 22 мамырдағы «Онур» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттық басқарушы Газиз Аманжолович Такеевті кредиторлар жиналысының шешіміне байланысты «Онур» ЖШС-нің мүлкін және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Г.А. Такеев үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Паяев